Мерейлі жекеменшік балабақшасы

«Бекітемін»
«Мерейлі» жекменшік балабақша
директор _____
С.И.Эбиева
«29» тамыз 2025 жыл

2025-2026 оқу жылына арналған «Мерейлі» жекеменшік балабақшасының директоры жанындағы отырыстың жылдық жоспары.

№	Іс-шаралар	уақыты	Жауаптылар
1	1.Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында 2025-2026 оқу жылында білім беру прцесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру. 2.Қазақстан халықтары тілдері апталығы аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу туралы. 3.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық жүргізу.	тамыз	Балабақша директоры Эбиева С.И.
2	1.Балалардың денсаулығын сақтау барысында өткізілетін іс-шаралар есебі. 2.Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысына жіберу кестесін бекіту 3.Балабақша санитарлық-гигеналық жағдайлары мен күн тәртібінің сақталуы.	қараша	Балабақша директоры Эбиева С.И.
3	1.Оқу-тәрбие процесіне басшылық пен бақылау. 2.Инновациялық жұмыс туралы. 3.Аттестаттау комиссиясының (АК) жұмысы туралы. 4.Мерек күндерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы.	ақпан	Балабақша директоры Эбиева С.И.
4	1.Жеке даму картасының толтырылуы, НОБД-ға енгізу және мектеп әкімшілігіне тапсыру туралы. 2.Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары туралы.	мамыр	Балабақша директоры Эбиева С.И.

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 29 тамыз 2025 жыл
Өткізілген орны: балабақша ғимараты
Төраға:Балабақша директоры Эбиева С.И.
Хатшы:Кылышбаева Қ.О.
Қатысқындар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

КҮН ТӘРТІБІ

1.Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарда 2025-2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдару жөніндегі әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.

2.Қазақстан халықтары тілдері апталығы аясындағы әс-шараларды ұйымдастыру және өткізу туралы.

3.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық жүргізу.

БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша директоры Эбиева С.И. педагогикалық ұжымды Қазақстан Республикасы Оқуағарту министірлігінің 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстырды.

Өз сөзінде меңгеруші жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып өтті. Балалардың қауіпсіз әрі сапалы білім алуына жағдай жасау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тәрбиелеу мен оқыту процесінде заманауи педагогикалық техналогияларды пайдалану қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты талаптарының орындалуы, үлгілік оқу бағдарламасын тиімді жүзеге асыру, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау мәселелері қарастырылды.

Директор Эбиева С.И. әдістемелік нұсқаулық хаттың негізгі бөлімдері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Педагогтердің перспективалық жоспарлар мен циклограммаларды сапалы дайындауы, балалардың даму мониторингін жүргізуі, ата-аналармен өзара байланысты нығайту мәселелері талқыланды.

ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Директор Эбиева С.И. Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне арналған апталықтың жоспарын таныстырды.

Апталықтың негізгі мақсаты-тәрбиеленушілердің мемлекеттік тілге деген құрметін қалыптастыру, көпұлтты Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тілдеріне қызығушылығын арттыру, толеранттылық пен достыққа тәрбиелеу.

Апталық барысында келесі іс-шараларды өткізу ұсынылды:

- «Тілім-менің тірегім» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер;
- «Тіл-достық көпірі» сурет көрмесі;
- Қазақстан халықтарының ертегілерін оқу сағаттары;
- Мақал мәтелдермен жаңылтпаштар сайысы;
- Ата-аналардың қатысуымен тілдер фестивалі;
- «Мен қазақа сөйлеймін» челленджі;
- Тақырыптық бұрыштар мен көрмелер ұйымдастыру.

ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша директоры Эбиева С.И. балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселесінің ерекше маңыздылығына тоқталды.

Педагогтерге және қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізілді. Нұсқаулық барысында:

- Балаларды қабылдау және шығарып салу тәртібі;
- Серуен кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Ойын алаңдарындағы қауіпсіздік талаптары;
- Төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері;
- Өрт қауіпсіздігі ережелері;
- Санитарлық-гигеналық талаптар;
- Балалардың жарақаттануының алдын алу шаралары;
- Электр құралдарын пайдалану қауіпсіздігі;
- Терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

Директор Эбиева С.И. қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау қажеттігін атап өтті.

Медбике жұқпалы аурулардың алдын алу, күнделікті сүзгі жүргізу және балалардың денсаулық жағдайын бақылау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

1.2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат басшылыққа алынсын.
2.Іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
3.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау жұмыстары тұрақты бақылауға алынсын.
4.Қауіпсіздік техникасы талаптарын барлық қызметкерлер қатаң сақтасын.

Балабақша директоры: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 28 қараша 2025 жыл
Өткізілген орны: балабақша ғимараты
Төраға:Балабақша директоры Эбиева С.И.
Хатшы:Кылышбаева Қ.О.
Қатысқындар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

КҮН ТӘРТІБІ

1.Балалардың денсаулығын сақтау барысында өткізілетін іс-шаралар есебі.
2.Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысына жіберу кестесін бекіту.
3.Балабақшаның санитарлық-гигеналық жағдайлары мен күн тәртібінің сақталуы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша жанындағы кезекті отырысты директор Эбиева С.И. ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Отырыста оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы, аттестатталатын педагогтердің жұмысы, санитарлық-гигеналық талаптардың сақталуы және тамақтандыруды ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Эбиева С.И. оқу-тәрбие процесіне жүргізілген бақылау қорытындылары туралы баяндады. Ол топтардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүргізілу сапасына, педагогтердің күнделікті жоспарлау жұмыстарына, балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Бақылау барысында педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес жұмыс жүргізіп отырғаны, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып оқу-тәрбие жұмыстары ұйымдастырылатыны айтылды. Сонымен қатар кейбір топтарда көрнекіліктерді толықтыру, дамытушы ортаны жаңарту және балалармен жеке жұмыс жүргізуді күшейту қажеттігі атап өтілді.

Директор Эбиева С.И. оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру мақсатында педагогтерге әдістемелік көмек көрсетіліп отырғанын, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәжрибе алмасу жұмыстарын жүйелі түрде өткізу жоспарланғанын хабарлады.

Тыңдалған мәселе бойынша оқу-тәрбие процесін бақылауды жалғастыру, анықталған кемшіліктерді уақытылы түзету және білім беру қызметінің сапасын арттыру бойынша жұмыстарды күшейту Эбиева С.И. аттестатталатын педагогтердің жұмысы туралы ақпарат берді. Ол аттестаттаудан өтетін педагогтердің жеке жұмыс жоспарлары бекітілгені, қажетті құжаттарды жинақтау және рәсімдеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Аттестатталатын педагогтер өздерінің кәсіби қызметтері бойынша жетістіктерін, балалармен жүргізілген жұмыстар нәтижелерін, әдістемелік материалдарын және шығармашылық ізденістерін жүйелеу үстінде екендігі баяндалды.

Директор Эбиева С.И педпгогтердің аттестаттауға сапалы дайындалуы үшін консультациялар, тәжрибе алмасу сабақтары және әдістемелік қолдау көрсетілетінін атап өтті. Аттестатталатын педагогтер өз жұмыстарында жаңа технологияларды тиімді

пайдаланып, кәсіби шеберліктерін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіп жатқандықтарын жеткізді.

Отырыс барысында аттестатталатын педагогтерге қажетті әдістемелік көмек көрсету және аттестаттау құжаттарының сапалы дайындалуын қамтамасыз ету жөнінде шешім қабылданды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі мен балабақша директоры Эбиева С.И балабақшадағы санитарлық-гигеналық жағдайлары мен күн тәртібінің сақталуы туралы баяндама жасады. Тексеру барысында топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, жарықтандырылуы, төсек-орындарының жағдайы, ойыншықтардың тазалығы және санитарлық талаптардың орындалуы қарастырылғаны айтылды. Жалпы санитарлық жағдайдың қанағаттанарлық деңгейде екендігі атап өтілді.

Сонымен бірге күн тәртібінің сақталуы, балалардың уақытылы тамақтануы, серуенге шығуы, тынығуы және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуі бақылауда болғаны хабарланды. Кейбір топтарда күн тәртібінің жекелеген кезеңдерін нақты уақытында орындауға назар аудару қажеттігі ескертілді.

Тыңдалған мәселе бойынша санитарлық-гигеналық талаптардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстау және күн тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шешім қабылданды.

Төртінші мәселе бойынша медбике мен директор тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары туралы есеп берді. Тамақ өнімдерінің сапасын, сақтау мерзімдері, ас мәзірінің талаптарға сәйкестігі және тағамдардың дайындалу технологиясы жөнінде ақпарат ұсынылды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бекітілген ас мәзірі негізінде теңгерімді тамақтандыру ұйымдастырылып отырғаны айтылды.

Медбике күнделікті ас блогына бақылау жүргізілетінін, дайын тағамдардың сынамалары алынатынын және санитарлық талаптардың сақталуы қадағаланатынын жеткізді. Тамақтың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жауапты қызметкерлердің жұмысы жүйелі түрде бақылауда екендігі атап өтілді.

Талқылау барысында тәрбиеленушілердің дұрыс және сапалы тамақтануын қамтамасыз ету, ас мәзірінің орындалуын қадағалау және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне тұрақты бақылау жүргізу туралы шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелді.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

1.Директор тарапынан жүйелі бақылау мен әдістемелік көмек көрсетілсін.

2.Аттестаттау материалдарын белгіленген мерзімде толық жинақтап, рәсімдесін.

3.Директор тарапынан тұрақты консультациялық және әдістемелік көмек ұйымдастырылсын.

4.Санитарлық-гигеналық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауда ұсталсын.

5.Топ бөлмелерінде тазалық және желдету режимі қатаң сақталсын.

6.Ас блогында санитарлық талаптардың сақталуы тұрақты тексерілсін.

Балабақша директоры: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 09 ақпан 2026 жыл
Өткізілген орны: балабақша ғимараты
Төраға:Балабақша директоры Эбиева С.И.
Хатшы:Балабақша әдіскері Туякова М.А
Қатысқындар: 12педагог қызметкер
Қатыспағандар: ___0____

КҮН ТӘРТІБІ

1.Оқу-тәрбие процесіне басшылық пен бақылау.
2.Инновациялық жұмыс туралы.
3.Аттестаттау комиссиясының (АК) жұмысы туралы.
4.Мереке күндерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Эбиева С.И. сөз алып, оқу-тәрбие процесіне жүргізілген бақылау жұмыстарының қорытындысымен таныстырды. Бақылау барысында топтардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүргізілу деңгейі, педагогтердің жоспарлау құжаттарының сапасы, балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру жұмыстары қаралғанын айтты.

Тексеру нәтижесінде педагогтердің көпшілігі оқу-тәрбие жұмысын талапқа сай ұйымдастырып отырғаны анықталғанымен, кейбір топтарда дамытушы ортаны толықтыру, балалармен жеке жұмыс жүргізу және инновациялық әдістерді қолдану жұмыстарын жетілдіру қажеттілігі айтылды.
Әдіскер М.Туякова тарапынан педагогтерге оқу қызметінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар берілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер М.Туякова балабақшадағы инновациялық жұмыстардың жүргізілуі туралы баяндама жасады. Ол қазіргі таңдапедагогтердің оқу-тәрбие процесінде жаңа педагогикалық технологияларды, ойын арқылы оқыту әдістерін, зерттеу және жобалау жұмыстарын пайдаланып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігіне тоқталды.

Педагогтер өз тәжрибелерінде қолданылып жүрген инновациялық жұмыстар туралы ой бөлісіп, жаңа технологияларды енгізу балалардың қызығушылығын арттырып, білім сапасын жақсартуға ықпал ететінін айтты. Инновациялық жұмыстарды әрі қарай жетілдіру және тәжірибе алмасуды күшейту ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер М.Туякова аттестаттау комиссиясының жұмысы туралы ақпарат берді. Аттестаттаудан өтетін педпгогтердің құжаттары зерделеніп жатқанын, олардың кәсіби қызмет нәтижелері мен жетістіктері қарастырылуда екенін хабарлады. Аттестатталатын педагогтерге әдістемелік көмек көрсетіліп, қажетті құжаттарды рәсімдеу бойынша кеңестер беріліп отырғаны айтылды.

Комиссия мүшелері аттестаттау жұмыстарының ашықтық, әділдік және объективтілік қағидалары негізінде жүргізілетінін атап өтті. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған жұмыстардың жалғасатыны туралы айтылды.

Төртінші мәселе бойынша балабақша директоры Эбиева С.И. мерекелік іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау барлық қызметкерлердің басты міндеті екендігі ескертілді. Мерекелік шаралар барысында өрт қауіпсіздігі, электр құралдарын пайдалану қауәпсіздігі, эвакуация жолдарының ашық болуы және балаларды тұрақты бақылауда ұстау талаптары түсіндірілді.

Директор Эбиева С.И. мерекелік безендірулердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ақпарат берді. Медбике балалардың денсаулығын сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары туралыайтып өтті. Қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша қосымша нұсқаулық жүргізілді.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

1.Оқу-тәрбие процесіне жүргізілетін бақылау жұмыстары жалғастырылып, анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар қабылдансын.

2.Инновациялық технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізу және педагогтердің тәжірибе алмасу жұмыстарын күшейту қамтамассыз етілсін.

3.Аттестаттау комиссиясының жұмысы белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіліп, аттестатталатын педагогтерге әдістемелік көмек көрсетілсін.

4.Мерекелік іс-шаралар кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуы қатаң бақылауға алынсын.

5.Барлық қызметкерлер балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз орындалсын.

Балабақша директоры: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №4 хаттамасы

Өткізілген күні: 11 мамыр 2026 жыл
Өткізілген орны: балабақша ғимараты
Төраға:Балабақша директоры Эбиева С.И.
Хатшы:Балабақша әдіскері Туякова М.А
Қатысқындар: 12 педагог қызметкер
Қатыспағандар: ___0____

КҮН ТӘРТІБІ

1.Өткен меңгеруші жанындағы отырыс шешімдерінің орындалуы туралы.

2.Жеке даму картасының толтырылуы, НОБД-ға енгізу және мектеп әкімшілігіне тапсыру туралы.

3.Жазғы сауықтыру іс-шаралаорының жоспары туралы.

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Эбиева С.И. өткен отырыста қабылдаған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді. Қабылданған шешімдерге сәйкес оқу-тәрбие процесіне бақылау жұмыстары жүргізілгені, педагогтерге әдістемелік көмек көрсетілгені және қауіпсіздік талаптарының орындалуы бақылауға алынғаны айтылды.

Сонымен қатар инновациялық жұмыстарды жетілдіру, аттестатталатын педагогтерге қолдау көрсету және мерекелік іс-шаралардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жоспарланған жұмыстардың орындалу деңгейіне тоқталды. Жалпы алғанда, өткен отырыстың шешімдері орындалғаны, жекелеген мәселелер бойынша жұмыстардың жалғасып жатқаны атап өтілді.

Тыңдалған мәселе бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын қанағаттанарлық деп бағалап, бақылауды жалғастыру туралы ұсыныс енгізілді.

Екінші мәселе бойынша әдіске М.Туякова тәрбиеленушілердің жеке даму карталарын толтыру жұмыстары туралы баяндама жасады. Ол балалардың жыл бойғы жетістіктерімен даму деңгейі мониторинг нәтижелері негізінде бағаланғанын және әр тәрбиеленушіге арналған жеке даму карталарының толтырылып жатқанын хабарлады. Сонымен қатар мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығына ерекше назар аудару қажеттігі айтылды.

Әдіскер М.Туякова НОБД (Ұлттық білім беру деректер қоры) жүйесіне енгізілетін мәліметтердің сапалы әрі уақытылы толтырылуы маңызды екенін атап өтті. Топ педагогтеріне барлық ақпаратты белгіленген мерзімде жүйеге енгізу және тиісті құжаттарды мектеп әкімшілігіне уақытында тапсыру тапсырылды.

Педгогтер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, құжаттарды рәсімдеу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша директоры Эбиева С.И. жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және таза ауада өткізілетін іс-шараларды көбейту басты міндеттердің бірі екені атап өтілді.

Жоспарға сәйкес спорттық ойындар, дене шынықтыру шаралары, табиғатты бақылау серуендері, танымдық ойындар, шығармашылық байқаулар, су және ауа процедуралары, денсаулық күндері мен ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылатыны айтылды.

Медбике жазғы кезеңде балалардың денсаулығын бақылау, күн өту мен жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын күшейту жөнінде ұсыныстар енгізді. Тәрбиешілер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазғы жұмыстарды жоспарға сәйкес өткізу бойынша міндеттермен таныстырылды.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

1.Өткен меңгеруші жанындағы отырыстың шешімдерінің орындалу қанағаттанарлық деп есептелсін.

2.Жеке даму карталары белгіленген талаптарға сәйкес толық толтырылып, НОБД жүйесін уақытылы енгізілсін және мектеп әкімшілігіне тапсырылсын.

3.Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітіліп, барлық жұмыстар қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізілсін.

Балабақша директоры: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**